

ӘОЖ 801.8

ГТАХР 16.21.49

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.3.78.029>

МІНЕЗ ТИПТЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

*Халым Б.¹, Смағұлова Г.Н.², Ахан Г.³

^{*1,2} әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мінез – белгілі бір өмірлік жағдаяттарда орын алған субъектіге тән мінез-құлық белгілерінің көрінісі мен тұлғаның тұрақты психикалық қасиеттерінің жиынтығы. Сондықтан адам мінезін зерттеу арқылы белгілі бір халықтың ұлттық мінезі мен психологиясын, құндылықтары мен ұстанымдарын анықтап, салыстыра, салғастыра зерттеуге мүмкіндік аламыз. Мінездің қалыптасуына жеке тұлғаның немесе ұлттың өмір сүру қағидаттары, әлеуметтік ортасы, дәстүрі мен мәдениетінің ықпалы мол. Зерттеу жұмысында адамның тұлғалық қалыптасу үдерісінде пайда болатын мінез акцентуациясының типтері анықталды. Мінез психикалық қасиеттер жиындығы болғанымен, оның тілдегі сипатының түрлі тілдік бірліктер негізінде көрініс табатынын ескере отырып, мақалада қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінезді сипаттайтын фразеологиялық бірліктер назарға алынды.

Зерттеудің мақсаты – ағылшын және қазақ тілдеріндегі мінез түрлерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын семантикалық талдау негізінде анықтау. Мақаланың ғылыми маңыздылығы – қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез түрлерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді анықтау барысында екі ұлтқа тән ұлттық-мәдени стереотиптердің анықталуымен айқындалады. Жұмыстың практикалық мәні – зерттеу нәтижесін, талдау үлгілерін тіл білімінің когнитивтік лингвистика секілді арнайы салаларындағы зерттеу жұмыстарында, қазақ және ағылшын тіліндегі фразеологизмдерді салғастырмалы зерттеу еңбектерінде, сонымен қатар психология мен педагогика, мәдениеттану салаларындағы пәнаралық зерттеулерде теориялық және тәжірибелік материал ретінде қолдану мүмкіндігімен құнды.

Зерттеу әдістемесі қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез түрлерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді бақылау, жинақтау, семантикалық, лексикалық талдау әдістеріне, сондай-ақ психологиялық, педагогикалық және мәдениетаралық зерттеулер аясындағы байланысын салғастырмалы интерпретациялау әдістеріне негізделген.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез түрлерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді семантикалық талдау негізінде туыс емес екі ұлтқа тән ұқсастықтар мен айырмашылықтарды

салғастырмалы зерттеу, екі ұлтқа тән ұлттық-мәдени ерекшеліктерді саралау.

Тірек сөздер: мінез, мінез-құлық белгілері, фразеологиялық бірліктер, мінез психологиясы, акцентуация, мінез типі, қазақ ұлты, ағылшын ұлты

Кіріспе

Мінез – әр адамға тән психологиялық ерекшеліктер мен қасиеттер жиынтығы. Американдық психологиялық ассоциация сөздігінде [1, 1 б.] мінез адам тұлғасының қасиеттері мен күйлерінің жиынтығы, атап айтқанда оған тән моральдық, әлеуметтік және діни ұстанымдары деп сипатталады. Ал психологиялық энциклопедиялық сөздікте [2, 385 б.] мінез – адамның негізгі өмірге деген көзқарасын және соған қарай жасалынатын өзіндік әрекеттің айырмашылығын көрсететін сапалық өзгешелік ретінде түсіндіріледі. Аталмыш анықтамалар негізінде мінездің жеке тұлға мен күллі бір ұлттың дүниетанымын, ұстанымын, дәстүрін, көзқарасын танытатын маңызды қасиет екенін түсінеміз.

Аталған ерекшеліктердің қазақ және ағылшын тілдеріндегі лингвистикалық сипаты мінез типтерін білдіретін тілдік бірліктер негізінде анықталады. Екі ұлтқа тән мінез типтерін анықтау барысында тілдің көрнекілігі мен ұлт мәдениетін терең танытатын фразеологиялық бірліктерге көңіл бөлу маңызды деп санаймыз. Себебі әр тілдің фразеологиясы халықтың ертеден ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келе жатқан ділі, мәдениеті, дәстүрі, салты секілді мәнді мұраларды өз бойында жинаған тіл білімінің үлкен саласы.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерінің фразеологизмдер арқылы берілуінің лингвистикалық сипатын бірнеше тілдік ерекшеліктер негізінде айқындаймыз. Мысалы, мінез типтерін сипаттауда негізгі тілдік бірлік ретінде қарастырылатын лексикалық сипатына назар аударсақ, әр тілдің өзіне тән мінез типін сипаттайтын жеке сөздер жиынтығы болатынын байқаймыз. Мысалы, қазақ тілінде: *ақылды, мейірімді, батыл, ашушаң, еңбекқор, жалқау* т.б., ағылшын тілінде: *smart* (ақылды), *kind* (мейірімді), *brave* (батыл), *angry* (ашушаң), *hardworking* (еңбекқор) т.б. Аталған лексикалық бірліктердің мазмұны ұқсас болғанымен, екі халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін сипаттайтын бірліктер де бар. Мысалы, қазақ тіліндегі: *қонақжай, асыл, бауырмал, намысшыл, жомарт* т.б. тілдік бірліктер ұлт мінезіне тән дара ерекшеліктерді сипаттаса, ағылшын тіліндегі: *reserved* (тұйық), *outgoing* (ашық), *witty* (тапқыр), *polite* (биязы), *punctual* (үнемі уақытылы жүретін) т.б. тілдік бірліктер ұлтқа тән жеке психикалық қасиеттерді сипаттайды.

Тілдік бірліктердің аталған лексикалық деңгейі анықталған мінез типтерін сипаттайтын фразеологизмдердің мәнін түсіндіреді. Мінез

типтерін анықтаудың фразеологиялық деңгейінде екі тілдегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды аңғарамыз. Мәселен, қазақ тілінде: *жүрегі кең – мейірімді, кең қолтық – кең пейілді, қой аузынан шөп алмас – момын, тас жүрек – қатыгез, түлкі бұлаң – қу, мысық тілеу – іші тар* т.б. немесе ағылшын тіліндегі: *heart of gold* (ақ көңіл), *stubborn as a mule* (қыңыр), *gentle as a lamb* (жұмсақ мінезді), *to wolf down food* (ашкөз) т.б. фразеологизмдердің жасалуында ұлт дүниетанымы негізінде екі тілде де адамның дене мүшелері мен жануар образдары, табиғат атаулары қолданылатынын байқадық. Дегенмен, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мұндай ұқсастықтар аталған атаулардың әр ұлт танымындағы семантикалық сипатының ерекшеліктеріне сай айырмашылықтарды тудырады. Мысалы, қазақ тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологизмдерде қолданылған тілдік бірліктердің мазмұнында ұлттың психологиясы мен көшпенді өмір салтынан сақталған элементтер болса, ағылшындарда қазаққа ұқсас «жүрек» ұғымы жиі қолданылып, «қой» т.б. секілді момындық пен қулықты білдіретін жануар атаулары қолданылғанымен, негізгі басымдық теңіз жәндіктерінің атауларына беріледі. Мысалы: *crabby* (ащушаң), *as crabby as a crab* (қырсық), *silent as an oyster* (аузына құм құйылған), *a cold fish* (салқынқанды), *lobster* (ұялиақ) т.б. Бұл халықтың географиялық орналасу ерекшелігі мен ұлт танымында сақталған түсініктерді байқатады.

Зерттеу жұмысындағы мінездің акцентуациялануына сай екі тілдегі мінез типтерін анықтауда аталмыш лингвистикалық сипаттары негіз болмақ.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу деректері ретінде қазақ және ағылшын тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастыраталдау үшін қазақ тіліндегі Г. Смағұлованың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» және ағылшын тіліндегі «Oxford Dictionary of Phrase», «Saying and Quotation» сөздіктері қолданылды.

Зерттеу жұмысында қазақ және ағылшын тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді анықтау және ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдау үшін туыс емес екі тілдегі мінезді сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді бақылау, жинақтау, назарға алынған тілдік бірліктерді семантикалық және лексикалық талдау әдістері, сонымен қатар мінез типтерін білдіретін екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің семантикасын талдауда психологиялық, педагогикалық және мәдениетаралық байланыс мәселесі салғастырмалы интерпретация әдісімен зерттелді.

Нәтижелер және талқылау

Мінез адамның іс-әрекетінде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ жеке тұлғаға тән мінез сипаттары жағымды немесе жағымсыз болып

жіктеледі. Мысалы, жақсы, жағымды мінез көрінісі адамның өзгеге немесе өмір жағдаяттарындағы жағымды қасиеттерінен байқалса, мінезі нашар, жаман дегеніміз – біреудің мінез-құлқын адамға әсер ететін күштердің өнімі ретінде қарастыруға болатындай әрекет ету. Осылайша, әрдайым тез ашуға бой алдыратын адам, күреспестен, мінезсіз, сондай-ақ әрқашан одан күткен нәрсені жасайтын экстремалды конформист ретінде айтылады [3, 7 б.]. Мінез типтерінің әртүрлілігі жеке тұлғаға тән дара қасиеттер негізінде пайда болады. Мәселен, баршаға ортақ мүдде мен сенім негізінде әрекет ете отырып, ортақ мақсаттарға ұмтылған адамдар өздерінің мінез-құлқынан, іс-әрекеттері мен қылықтарынан өзгеге ұқсамайтын, кейде қарама-қарсы жеке қасиеттерді де байқайды. Бұл тұжырымдамаға сәйкес ағылшын жазушысы Р. Карен: «Мінезі биязы адамдар ізгі ниет білдіре алатын, әлеуметтік этикаға сай әдепті іс-әрекетті сақтай алатын, адамдардың құндылықтары мен жақсы қасиеттерін жоғары бағалайтын адамдар», - деген [4, 44 б.].

Тілдегі алуан түрлі фразеологизмдер адами қасиеттерді сипаттағанда маңыздылығы зор, мысалға келесі сөздердің қосарлана айтылып қарама-қарсы мағынада жағымды-жағымсыз қасиеттерді білдіреді: *адалдық пен арамдық, қарапайымдылық пен тәкаппарлық, сабырлылық пен сабырсыздық, кішіпейілдік, ақылдылық пен ақымақтық, сыпайылық пен дөрекілік, намысқойлық пен намыссыздық, жомарттық пен сараңдық, қызғанишақтық пен мақтанишақтық* т.б [5, 19 б.]. Бұл адамға тән жағымды мінез сипатын білдіретін ерекшеліктерге тән. Мұндай мінез түрлері қазақ және ағылшын халықтарында әртүрлі сипатталғанымен, адамға тән мінез көріністері мен аталмыш қасиеттер, адамның адамгершілік құндылықтары мен ұстанымдары өмірге көзқарасы аясында ортақ реңкте болады. Сондай-ақ мінездің аталған жіктелісі адамның эмоциясы мен темпераментінің ерекшеліктеріне де байланысты жүзеге асады. А.В. Батаршевтың: «Мінез бен темперамент өзара байланысты және жеке тұлғаның физиологиялық ерекшеліктеріне, жоғары жүйке қызметінің түрлеріне де қатысты. Бұл тенденция, әсіресе, темпераментке қатысты айқын көрінеді. Темперамент адамның мінез-құлқының динамикалық сипаттарын ғана анықтаса, мінез адамдардың саналы әрекеттерін олардың моральдық-этикалық нормаларына, әлеуметтік құндылықтарына, қажеттіліктері мен мүдделеріне сәйкес анықтайды [6, 320 б.], - деген тұжырымы да осыған сай келеді.

Ұлттық сананың қалыптасуындағы тілдің фразеологиялық бірліктерінің рөлін ескере отырып, оның қоғамдағы ұлттық мәдени құндылықтарын сақтау және жеткізудегі маңызын танимыз. Сондықтан тіл – ұлт мәдениетіне тәуелді [7, 336 б.]. Қазақ және ағылшын тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді анықтау үшін аталмыш халықтардың дүниетанымы мен психологиясын, ұстанымдарын, мәдениеті мен тарихын тану маңызды. Мысалы, қазақ халқы ғасырлар бойы түрлі

тарихи кезеңдерді бастан өткергенімен, шығыс пен батысты жалғастырушы көпір ретінде әртүрлі мәдениет пен өркениетті, түрлі әлеуметтік-саяси оқиғаларды бастан өткеріп келе жатқанымен, өзінің түпкі дәстүрі мен рухани құндылықтарын, ұстанымдары мен мәдениетін сақтап келе жатқандықтан бүгінгі таңда да ұлттық мінездегі дәстүрлі ұстанымдар жойылмаған. Қазақ мінезіндегі *қонақжайлылық, үлкенді құрметтеу, батылдық, еркіндік пен жігерлілік, көпшілдік т.б.* ерекшеліктердің барлығы халықтың этникалық, географиялық жағдайына, салт-дәстүрі мен діліне, дініне байланысты қалыптасқан.

Ағылшын халқында кездесетін мінез түрлері де ұлттық мінездің жиі көрініс табатын ерекшеліктерімен байланысты анықталады. Ағылшын халқы да тарихи өмір сүру кезеңінде түрлі қоғамдық, әлеуметтік-саяси оқиғаларды өткергендігімен, өз аумағында бірнеше халықтардың мәдениетін қамтығанымен өзінің ұлттық ерекшеліктерін білдіретін мінез сипаттарын бүгінге дейін сақтап келеді. Мысалы, ағылшындар көбінесе *ұстамды, өзінің эмоциясы мен сезімдерін көрсете бермейді, өзінің салттарын берік ұстанады, құрметтейді, тіпті заң ретінде қарайды.* Саяси еркін азамат ретінде әр ағылшын адамы *тәртіп пен дәстүрге бағынуды өздерінің қасиетті міндеті деп есептейді.*

Қазақ тіл білімінде адамның мінез ерекшеліктерін құрайтын фразеологизмнің басым көпшілігі қазақ тілінің сөз байлығынан құралған фразеологизм екендігін ғалым Ә. Қайдар өзінің «Ғылымдағы ғұмыр» [8, 520 б.] атты еңбегіндегі мақала жинақтарында жазған. Ғалым Г. Смағұлова өзінің еңбегінде тұрақты тіркестердің тілдік көріністегі құбылысын сипаттағанда адамзат баласының мінезі ізін қалдыру үшін ұдайы жан дүниесінде, санасында, психикасында жаңғырып отыратындығын айтқан [9, 79 б.]. Сондықтан қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді анықтау үшін мінез типтерінің не себепті, қандай қасиеттерге сай, қандай эмоциялық күйге орай пайда болатынын анықтап алған дұрыс. Демек психология мен педагогика ғылымдарының арақатынасында мінез типтерінің пайда болуына түрткі болатын мінездің акцентуациялануы ұғымын назарға аламыз. Мінез сипаттарының тілдегі көрініс айқындау үшін аталмыш мінез ерекшелігіне назар аударсақ.

Мінездің акцентуациялануы – адамның әрекеті мен істерінде көрініс табатын мінез ерекшеліктерімен салыстырғанда жиі басымдылық танытатын, дамыған мінез ерекшеліктері [2, 389 б.]. Мінез акцентуациясы келесідей типтерге бөлінеді (1 кесте).

Кесте 1. Мінез акцентуациясының типтері

№	Атауы	Анықтамасы
1	гипертимді	көңіл күйі шамадан тыс көтеріңкі болу
2	дистимиялық	үнемі көңіл күйдің түсуі
3	циклоидты	аумалы-төкпелі болуы
4	эмотивті (эмоциональды)	шамадан тыс сезімталдықтың болуы
5	демонстративті	көптің назарында болуды ұнатуы
6	қозғыштық	жоғары ашуланғыштықтың болуы
7	тежелуші	сенімсіздік пен қорқақтықтың болуы
8	педантты	детальдарға қатты мән беру
9	мазасыз	беймазалықтың болуы

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді мінездің аталған ерекшеліктері негізінде қарастырамыз. Аталған мінез ерекшелігі барлық адамға тән, дегенмен қазақ және ағылшын ұлттарында әртүрлі сипатта, аталмыш халық тілдерінде де түрлі фразеологиялық бірліктермен айшықталатыны анық.

Гипертимді тип – көңіл күйі шамадан тыс көтеріңкі, әрқашан көңілді, әңгімешіл, энергиясы көп, өзіне ғана тәуелді, көшбасшылыққа, тәуекелге, шытырман оқиғаға ұмтылатын, ескертпелерге мән бермейтін, жазалануды пысырмайтын, тіпті рұқсатсыз шектеуден шығып кететін, өзін-өзі сынай алатын адам мінезі. Егер монотонды жұмыс жасаса, жалғыздықты сезінсе, қатаң тәртіп талап етілсе, шамадан тыс ақыл үйреткенде ашуланып, жанжал шығаруы мүмкін. Гипертимді адамдар жалпы өмірге оптимистпен қарайды, қайғы-қасіретті оңай жеңеді. Еңбекке деген құштарлықтың арқасында өндірістік немесе шығармашылық жетістіктерге тез жетеді. Үнемі ізденіс үстінде жүреді. Қоғамда керемет әңгімелесуші, көптің назарында болып, барлығын қуанып жүреді. Бірақ, бұл темперамент шамадан тыс айқын көріне бастаса, адам өзін тез жалықтырып жібереді. Бастаған ісін аяқтамай, орта жолдан тастай салуы мүмкін.

Гипертимді типке сай мінез типтерінің қазақ және ағылшын тілдерінде фразеологиялық бірліктермен вербалдану ерекшелігін сипаттап, туыс емес екі ұлттың мәдениетіне сай талдасақ. Қазақ тілінде кездесетін: *жүрегінің оты бар – батыл; қара қылды қақ жарды – әділ; бит қабығынан биялай тоқыған – шебер; адал сүт емген – әдепті; ақпан соқса өлмейтін – шыдамды; тоқпан соқса өлмейтін – төзімді; тепсе темір үзердей – мықты, епті; қайраты қара тастай – мықты, тік мінезді; талабы таудай – алғыр; сегіз қырлы, бір сырлы – өнерлі, ісмер; нар тәуекелге бару – қайсар; сөзі мірдің оғындай – сөзшең; азуын айға біледі – батыл* деген фразеологиялық бірліктер адам мінезінің ерекшелігі мен көбінесе жеке адамның өзгеден айрықша мінезін беруде қолданылады.

Мысалы, мұндағы *жүрегінің оты бар* фразеологизмі ортақ мәні сын есім сипатын беретін үш сөзден құралған. Грамматикалық формасы мен құрылымына сай метафоралық фразеологизм типін білдіреді. Аталмыш фразеологизмнің мәні *ержүрек, ерекше батыл, жүректі, рухты, белсенді, өз мақсатына ұмтылған адамның мінезін* сипаттап тұр. Бағалау сипатында бұл фразеологиялық бірлік жағымды мінез сипатын береді. Мінезді бұлай сипаттау үлгісі көбінесе көркем немесе ауызекі стильде де қолданылады.

Сонымен қатар аталмыш фразеологиялық бірлікте адамның батылдығы мен жағымды мінез көрінісін беру үшін тілдік бірлік ретінде «*жүрек*» ұғымын қолдану қазақ халқының дүниетанымы мен мәдениетінен сыр шертеді. Себебі «*жүрек*» ұғымы қазақ танымында *жақсылықпен, мейірімділікпен де, қайсарлықпен де* қатар жүретін, адам бойындағы моральдік құндылықтарды танытатын басты элементтердің бірі.

Қара қылды қақ жарды деген фразеологизм етістік сипатында беріліп, адам мінезінің ерекше сипатын анықтап тұр. Бірнеше сөзден құралып тұрған бұл фразеологизмнің мағынасы адамның *әділдігін, ақтығын, шыншыл, тік мінез, тура сөйлейтін мінезді* білдіріп тұр. Қазақ танымында *ақ* пен *қара жақсылық* пен *жамандық* көрінісін беретін түстер болса, мұндағы *қара қылды қақ жару* ағынан жарылу, яғни тек әділдікті жақтау, шын сөйлеу секілді мәнді үстейді.

Азуын айға біледі деген фразеологизмнің мағынасы адамның белгілі бір жағдайда барынша қайрат көрсетуін, батыл мінезін сипаттайды. «*Білеу*» сөзі «*қайрау*» деген мағынаны білдіреді. Ал «*Ай*» қазақы дүниетанымда қасиетті саналады, сондай-ақ ол түнде адасқанға сәуле шашатын жарық. Қазақта Айдың туғанына қарап ауа райын болжап, халық пен малдың күйі қандай болатынын жорамалдаған. Сонымен қатар Айға сәлем салып, белгілі бір арман-тілегін айтқан. Сондықтан бұл фразеологизмде адамның қолы жетпес құдірет деп танылған Айға азуын қайрауды батылдықтың көрінісі деп танытады.

Адал сүт емген – сын есім мәніндегі бұл фразеологизм *әдепті, инабатты, иманды мінезді* сипаттайды. Мұндағы адал, сүт, ему деген сөздер өзара логикалық байланысты беріп қана тұрған жоқ. Себебі қазақта адалдық ең ізгі адамгершілік қасиеттердің бірегейі болса, сүт, ана сүті адам тәрбиесінің қайнар көзі, адалдықтық, тазалық пен кіршіксіздіктің таңбасы. Демек ананың адал сүтін емген адамның тәрбиесін, ана сүтімен берілген ибалылық пен инабаттылық секілді жағымды мінез сипаттарын білдіріп тұр. Адал сүт емген адамнан жақсылық қана күтіледі деген мәнді артады.

Байқағанымыздай әр фразеологиялық бірлікте ұлт дүниетанымындағы белгілі бір таңбалар мен белгілер қолданылған. Бұл мінезді сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің семантикалық ерекшелігін айқындап тұр.

Аталған қазақ тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын бірліктер секілді ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктерді де назарға алсақ. Мысалы: *diamond of the first water* (тамаша адам); *charity covers a multitude of sins* (кең болсаң, кем болмайсың); *clear conscience / a good conscience* ары таза; *good liver* (ақ пейілді адам); *kind heart* (мейірімді, ақ жүрек); *a stout heart* – батыл жүрек; *a social butterfly* – әрқашан көптің ортасында жүретін, тез тіл табысатын адам; *a bubbly personality* – оптимист; *a ray of sunshine* – басқаларды қуантып жүретін адам т.б.

Қазақ ұлтындағы секілді мейірімді, батыл, көпшіл т.б. мінез көріністерін ағылшын тіліндегі фразеологиялық бірліктер негізінде байқаймыз. Мұндай мінез типтері барлық ұлттағы адамдарға тән ортақ әрі әмбебап мінез-құлық белгілері болып көрінгенімен, әр ұлт тіліндегі тілдік сипаттау ерекшеліктері мен олардың семантикалық сипаты әртүрлі. Ағылшын тіліндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктердің грамматикалық формасы мен құрылымындағы метафоралық фразеологизм үлгілері қазақ тіліндегімен ұқсас. Дегенмен қолданылған тілдік бірліктердің семантикасы мен сөздердің ұлт дүниетанымындағы таңбалық сипатындағы ерекшеліктерін де аңғарғанымыз дұрыс. Мысалы: *good liver* фразеологизмінің құрылымы мен грамматикалық формасы сын есім мен зат есімнен, яғни екі сөзден құралған. Мұндағы *liver* сөзі тікелей мағынасында *бауыр* немесе екінші мәнінде *to live* етістігінен жасалған *жақсы өмір сүру* мағынасын беретін бірлік. Дегенмен берілген мінез сипатын білдіретін фразеологизмде бірінші мағынасы берілген. *Good liver* фразеологизмі *ақкөңіл, өмірді сүйетін адам* мінезін сипаттайды. Мұндағы «*жақсы*» сөзі анық болғанымен, *liver* сөзінің қолданылуының семантикалық мәні ерекше. Себебі мұнда тура мағынасындағы өмір сүру емес, бауыр, яғни қанды филтreden өткізетін адам организмінің тазартушы органын ауыспалы мәнінде қолдану арқылы адам мінезіндегі тазалық пен ақ пейілділікті сипаттап тұр.

Қазақ танымындағы секілді ағылшындарда да жүректі ерекше таңбалық сипатта түсінетіні байқалды. Себебі назарға алынған *kind heart* (мейірімді, ақ жүрек); *a stout heart* – батыл жүрек фразеологизмдері осының дәлелі. Мұнда да қазақ тіліндегі секілді жүректі мейірімділіктің әрі батылдықтың да таңбасы ретінде танып, адамның жағымды мінезін сипаттап отыр.

A social butterfly фразеологизмі *көпшіл, өзгелермен тез тіл табысатын, өзіне назар аудармқанды ұнататын, кей сәтте жеңіл ойлайтын адам* мінезін сипаттайды. Бұл фразеологизм метафоралық мәнде ағылшын танымындағы көбелек туралы түсінікті білдіреді. Ол әдемілігімен қатар жеңілдікті, қимылды, үнемі бір орыннан екіншісіне ауысып жүретін тұрақсыздықты да сипаттайтын жәндік ретінде танылған. Мұндай түсінік

қазақ танымында да кездеседі. Сондықтан аталмыш фразеологиялық бірліктердің семантикасын тану арқылы екі ұлт мінезінің типтеріндегі ұқсастықтарды да аңғарып отырымыз.

Дистимиялық түр – гипертимді түрге қарама-қарсысы. Мұндай мінезді адамда үнемі көңіл күйдің түсуі, мұңаю, тұйықтық, аз сөйлеу, келешекке сенімсіздік, қоғамдағы шудан бойын аулақ салатын, әріптестерімен жақын араласпайтын, жанжалдарға сирек кірісетін, яғни көбінесе пассивті түрден байқауға болады. Қуаныштан гөрі, өмірдің қайғылы жағына көп көңіл бөледі.

Қазақ тілінде мұндай мінез типін сипаттаймын мынадай фразеологиялық бірліктерді кездестіреміз: *қой аузынан шөп алмайтын* – момын; *бетегеден биік, жусаннан аласа* – сабырлы, тыныш; *жұмған аузын ашпау* – тұйық; *аузын бұған өгіздей* – тұйық; *жүрегі май ішкендей кілкілдеді* – қайғылы, уайымшыл; *аузына құм құйылды* – сөйлемейтін, тұйық; *бос белбеу* – енжар, сылбыр; *аузынан сөзі, қойнынан бөзі түсу* – ынжық.

Қой аузынан шөп алмас фразеологизмі момын, сабырлы, көнбіс мінез сипатын білдіреді. Қой қазақта төрт түліктің ішіндегі ең көнбісі болғандықтан момындықты соған теңейді. Ал аталған фразеологизмде қой аузынан шөп алмайтын деуі аса момындықты, қазақтың мінезіндегі аса көнбістік қасиетті сипаттайды.

Бос белбеу фразеологизмі адам бойындағы енжарлықты сипаттайды. Қазақта *белін бекем буу; болар баланың бетін қақпа, белін бу* деген секілді түсінік бар екенін білеміз. Демек қазақ дүниетанымында адамның іс-әрекетіндегі белсенділігі, өмір сүрудегі ұмтылысы, пысық мінезі, алғырлығы аталмыш түсінікпен байланыста жүзеге асады.

Қазақ тіліндегі мінез сипаттарын білдіретін фразеологиялық бірліктер халық санасында сақталған, дүниетанымында, ділінде, дәстүрінде орын алған таңбалық, танымдық құбылыстармен, заттық элементтермен тұтас үйлесімде болатынын байқадық.

Ағылшын тілінде мұндай мінез типтерін білдіретін мынадай фразеологиялық бірліктер бар: *with a heavy heart* (мазасыздық басу/уайымдау); *lose heart* (рухы түсу/жабырқау); *a lone wolf* – жалғыз қалуды аңсайтын адам; *a wallflower* – тұйық адам; *indecisive* – шешім шығара алмайтын адам; *a couch potato* – жалқау адам т.б.

A lone wolf фразеологизмі *тыныштықты, жалғызды аңсайтын адам* мінезін, *тұйық* мінезді сипаттайды. Тікелей аудармасында – *жалғыз қасқыр*. Бұл фразеологизм грамматикалық формасында сын есім мен зат есімнен құралып, ортақ бір мәнді беріп тұр. Ағылшын дүниетанымында қасқыр жалғыздықтың, дәруіштің таңбасы ретінде танылған. Сондықтан жалғыздықты, тұйық мінезді беруде қасқырды метафоралық сипатта алған.

A couch potato фразеологизмі жалқау мінезді сипаттайды. Тікелей аудармасында – «дивандағы картоп». Ағылшы танымында картоп аз қозғалуды, қозғалмауды сипаттайтын метафора ретінде беріліп тұр. Диван да әрекетсіздікті сипаттайды. Демек аталмыш фразеологизм адамның әрекетсіздігі мен жалқаулығын тікелей сипаттап тұр. Бұл, әсіресе, ағылшын дүниетанымындағы қазіргі заман сипатындағы теледидар алдында диванда жататын әрекетсіз, жалқау адамдардың мінезін білдіреді.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мұндай мінез типтерін сипаттайтын фразеологизмдер адам бойынан табылатын ұқсас мінез-құлықтарды білдіргенімен, әр тілде әртүрлі метафоралық реңкке, таңба мен оның семантикалық мәніне сай ерекшеленетінін анықтадық.

Циклоидты түр – көпшілікпен қарым-қатынасы аумалы-төкпелі цикл сияқты өзгеріп отырады. Көңіл-күйі жақсы болса гипертимді типке, ал көңіл-күйі түсіп кетсе дистимиялы типке ауысып отырады. Циклоидты типті адамның тағы да бір жағымды жағы – қайғылы факторларға байланысты шамадан тыс әсерленгіштік. Аяушылық, бақытсыз адамдарға, ауру жануарларға деген жанашырлық мұндай адамдарды үмітсіздікке әкеліп соқтырады. Оңай түзелетін сәтсіздікке, ертең-ақ ұмытылып кететін аздаған көңілсіз жағдайларды жан дүниесімен жақын қабылдайды. Тіпті досының қарапайым қиындықтарының өзін, зардап шеккен адамнан әрмен уайымдап кетеді.

Мысалы, қазақ тілінде: *жауар бұлттай түнеру* – *ашушаң; аттыға сөз, жаяуға жол бермейді* – *долы, мінезі майдай; тойған қозыдай* – *сабырлы, жақсы мінезді; шыныдай шырт ету* – *ызалы; бірде шөл, бірде көл* – *тұрақсыз; табаны тайғақ* – *тұрақсыз, сенімсіз.*

Мінезі майдай, тойған қозыдай фразеологизмі *сабырлы, жақсы мінезді* деген мағынаны береді. Мұнда құрылымы бір емес, бірнеше семантикалық ұқсас мәнді байқаймыз. Яғни, біріншіден, *мінезі майдай* дегендегі «май» ұғымы қазақта *сөзі майдай жақты, майдай ереді, майдай жұмсақ* деген секілді жағымды мәнді береді. Фразеологизмнің екінші бөлігінде *тойған қозыдай* деп сипаттайды. Тою риза болумен сипатталса, қозы қойдың төлі, момындық пен еркелікті, ерекше сабырлықты байқатады. Сондықтан тойған қозыдай болу деген де адам мінезінің жақсы екенін білдіреді.

Ағылшын тілінде мұндай мінез типін білдіретін фразеологиялық бірліктерге мыналарды жатқызамыз: *grumpy* – *үнемі көңілсіз; a memory like an elephant* – *есте сақтау қабілеті тамаша т.б.*

A memory like an elephant фразеологизмінде есте сақтау қабілетін пілмен байланыстыруының семантикалық мәні ағылшындардың дүниетанымында жатыр. Яғни ағылшын фольклорында піл өзінің керемет жадымен белгілі. Олар орындар мен адамдарды, оқиғаларды ұзақ уақыт есте сақтайды деп танылған.

Эмотивті (эмоциональды) тип – шамадан тыс сезімталдығы бар, осалдау, болмашы қиындықты көңіліне ауыр алатын, ескертулерге, сәтсіздіктерге тым сезімтал болғандықтан үнемі көңіл-күйі түсіп жүретін мінез типін білдіреді. Қазақ тілінде мұндай мінез типін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерге мыналарды жатқызамыз: *бетінен иманы тамған – иманды, инабатты; жанын жегідей жеу – уайымшыл; ойы онға, ақылы алтыға бөліну – басы айналу, алаңдау; он ойланып, жүз толғану – шешім қабылдай алмау; шыбын жаны шырқырау – қайғыру; түймедейді түйедей ету – әсірелеу; атарға оғы жоқ – ашулы; найза үстінде отырғандай – мазасыз; тышқан аулаған иттей – абыраған; суығына тоңып, ыстығына күй – шыдамды.*

Мұнда адам мінезінің эмоция негізінде қалыптасу сипаты басымдық алған. Мысалы, атап өткен *атарға оғы жоқ* фразеологизмі ашулы, ызалы мінезді сипаттайды. Бұл адамның дәрменсіздігі мен шарасыздығын да білдіреді. Мұнда адамның белгілі бір жағдайдағы эмоциялық күйі негізінде пайда болған мінез көрінісі берілген. Аталмыш фразеологиялық бірліктердің барлығы адам эмоциясын сипаттау арқылы оның бойында қалыптасқан әдеттер мен мінез-құлық белгілерінің көрінісін ашады.

Аталмыш мінез типтері ағылшын тілінде мынадай фразеологиялық бірліктер арқылы байқалады: *burst into full-on ugly crying (burst into tears) – солқылдап жылау*. Мысалы: «*Jennie held it together for about three seconds before bursting into full-on ugly crying*» [10, 302]. Мұнда фразеологизм адамның нақты бір сәттегі эмоциясын білдіргенімен, сол адам бойындағы уайымшылдық пен қайғы, қорқақтық секілді мінез сипаттарын аша түседі. Сондай-ақ *to tremble like an aspen leaf – көк теректің жапырағындай қалтырау* деген фразеологизм адамның қорқақ мінезін сипаттайды. Мұнда тікелей метафоралық мәнді артқан құрылымды байқаймыз. Ағылшын дүниетанымында терек ағашының *мұң* мен *жалғыздықты, өтпелі өмір* мен *сыбырлау, жылау* мағыналарын беретінін ескерсек, адамда болатын эмоциялар мен мінезін сипаттауда маңызды таңбалық мән үстеп тұр.

Демонстративті түр – көптің назарында болуға және өзінің мақсатына қандай жолмен болса да жетуге ашық ұмтылады (көз жасы, талып қалу, жанжал, ауыру, мақтану, әдемі киіну, бір нәрсеге әдеттен тыс әуестену, өтірік арқылы).

Бұл мінез типінің қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктер арқылы вербалдану ерекшеліктері: *зығырданы қайнау – ашулану; қояншығы ұстау – долы, ызалану; шыбын құрлы көрмеу – мән бермеу; болмашы нәрседен шатақ шығару – ұрыс іздеу, ашу шақыру; тілі мірдің оғындай – ауыр сөйлеу; топтан торай шалдырмас – дес бермейтін; пейілі тарылу – қызғану; қулығына құрық бойламау – аса қу; қолтыққа су бүрку – айтақтау; майлы қасықтай жылпылдау – қу болу; деміне нан пісірді – мақтану.*

Мұнда көбінесе адамға тән жағымсыз мінез типтерін байқаймыз. Мысалы, *құлығына құрық бойламау* фразеологизмі адамның құлығын, әккі мінезін сипаттайды. Құрықты жылқы қайыруға, асауды үйретуге қолданатын қазақ танымында құлығы көп, жылпос адамды мойынына құрық түсірмес деп сипаттайды.

Ағылшындарда: *know it all* – бәрін білетінге ұқсап жүретін адам; *big headed* – өзімшіл адам; *busy body* – басқаның шаруасына араласқыш т.б. осындай жағымсыз мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді кездестіреміз. *Big headed* фразеологизмі өзімшіл мінезді сипаттайды. Ағылшын танымында *бас* – ақылдың, сананың өзегі ретінде саналғанымен, оның үлкен болуын ауыспалы мәнінде адамның шамадан тыс өзін жақсы көруімен, өзімшілдігімен байланыстырады.

Қозғыштық түр – ашуланғыштығы жоғары, өзін ұстай алмайды, күйгелек, қабағына қар жауып жүруі, беймазалық күй, бірақ жағымпазданып және көмектескісі келіп тұрады (шынайы емес). Мысалы, қазақ тіліндегі мына фразеологизмдер аталмыш мінез типін сипаттайды: *ұрынарға қара таппау* – бәле іздеу; *ашуы алқымына тығылу* – ызалану; *қабағына қырау қату* – ашулану; *қағанағы қарс айырылу* – мұңаю; *жыны/сайтаны қозу* – ашулану; *оқ жыландай ысқыру* – ашулану; *қара аспанды құлату/төндіру* – уайымдау; *тілімен жағына сүйену* – көп сөйлеу, ұрысу.

Ағылшындарда: *rough edges (do not always behave well and politely)* – өзін сыпайы ұстамау; *impulsive*; *as blunt as a hammer* – ақымақ.

Қазақ тіліндегі *ұрынарға қара таппау*, *оқ жыландай ысқыру*, *тілімен жағына сүйену* фразеологизмдері ағылшын тіліндегі *rough edges* және *as blunt as a hammer* фразеологизмдерімен ұқсас. Себебі екі тілдегі жағымсыз мінез көріністері мен типтері әртүрлі грамматикалық формалармен берілгенімен, түпкі мағыналық сипаты ортақ болып тұр. Ал айырмашылықты екі тілдегі таңбалық сипаттағы атаулар мен ұлт дүниетанымында сақталған ұғымдарды қолдану жиілігінен аңғарамыз.

Тезделуші тип – өз сезімдеріне, ойларына жабысып қалады, ренішті ұмыта алмайды, *есеп айырғысы келеді*, қызметте және күнделікті тұрмыста тұйық, ұзаққа созылатын жанжалға әуес, конфликтіде үнемі белсенді болып жүреді. Қазақ тіліндегі *өкпесі қара қазандай қайнау* – өкпелеу, *терісіне сыймау* – ашулану; *тырнақ астынан кір іздеу* – бәле іздеу; *тышқан аңдыған мысықтай* – араз, ашкөз; *ішіне пышақ айналмау* – қызғану; *іші күй* – қызғану; *тісін қайрау* – кек сақтау; *тасадан тас лақтыру* – аяқтан шалу; *кескен жерінен қан шықпас* – ұятсыз секілді фразеологизмдер осы мінез типін білдіреді.

Өкпесі қара қазандай қайнау фразеологизмі тура мағынасында *өкпе*, *қазан* зат есімдері мен *қайнау* етістігінен құралғанымен, ауыспалы мәнінде қазақ тілінде *өкпе* – *ренішті*, *қара қазан* – *үлкендікті* және *ауырлықты*,

қайнау – ашу мен ызаның ішкі кернеуін білдіреді. Демек аталмыш фразеологизмнің семантикалық мәні бір мінез типін сипаттайтын күрделі формада құралған.

Ағылшын тілінде *as greedy as a wolf* (қасқырдай тойымсыз), *a mover and cooker* – қолынан бәрі келетін; *an armchair critic* – өте сынағыш адам; *green eyed monsters* – өте қызғанишақ адам; *let the cat out of the bag* – біреудің құпиясын басқаларға жайып салу секілді тежеуіш типті сипаттайтын фразеологиялық бірліктер бар.

Green eyed monsters – тікелей аудармасында «жасыл көзді құбыжық» деген мағынаны білдіретін, ауыспалы мәнінде аса қызғанишақ мінез типін сипаттайтын фразеологизм. Ағылшын танымында «жасыл көз» қызғанишақтықтың символы болса, құбыжық адамның ішкі «аңы», яғни ішкі негативті эмоциялары ретінде көрініс табады.

Педантты тип – егжей-тегжейлі мазасыздық түріне беймазалығы айқын, қызметте келушілерді ресми талаптармен қинауға бейім, үй шаруасындағы шамадан тыс тазалықпен шаршатып жібереді. Жанжалға әуестігі аз, бірақ айналасындағыларға ресми талап қойғыш, шамадан тыс ұқыпты, жалпы сенімді адам. Мысалы, қазақ тілінде: *қадалған жерден қан алу* – қайтпас мінез; *бір шыбықпен айдау* – қорқынышта ұстау; *әңгір таяқ ойнату* – айқау-шу шығару; *ашса алақанында, жұмса жұдырығында* – қорқыту; *аяғымен жер, төбесімен көк тіреу* – мақтану.

Ағылшын тілінде: *goody-goody or goody two shoes* – *someone who is always good or always follows the rules but is a little arrogant about it, thus it has a negative connotation*; *stubborn as a mule* – есектей қиқар.

Аталмыш мінез типінде қазақ тілінде де, ағылшын тілінде де адамның өзінің шын мінезі мен кейпін жасыру, өзгеше болып көріну секілді көріністері айқын байқалатынын анықтадық. Қазақ тіліндегі фразеологиялық бірліктер көбінесе адамның өзгеге қарым-қатынасы негізінде берілсе, ағылшын тілінде адамның өзінің мінезін өзгеге көркем етіп көрсету, жасыру белгілері байқалатынын түсіндік.

Мазасыз (психастениялық) тип – көңіл күйдің түсуі, өзі үшін және өзіне жақын адамдар үшін сақтанып жүру, ебедейсіздік, өзіне деген сенімсіздік, шектен тыс шешім қабылдай алмаушылық, сәтсіздікті ұзақ уақыт бойы уайымдау, өз әрекетіне күмәндану сияқты қасиеттер жатады.

Қазақ тіліндегі: *ернінің ұшымен айту* – сенімсіздік; *жүрегі алқымына тығылу/тас кептелу*; *жүрегі аттай тулау*; *жүрегі зырқ ету*; *зәре құты қалмау*; *зәрезеп болу* – қорқақтық; *кежесі кейін тарту* – жалқаулық; *көзін жерге салу*; *қабағын күзету* – қорқақтық; *сіркесі су көтермеу* – көңіл-күйі болмау, жақтырмау; *жауатын бұлттай түнеру* – ашулану, қайғыру т.б. фразеологиялық бірліктер аталмыш мінез типін сипаттайды.

Ағылшын тілінде мынадай фразеологиялық бірліктер бар: *rain in the neck* – мазасыз, тынымсыз адам; *make somebody's heart leap* – жаны тіміркену/қорқу; *have one's heart in one's mouth* (зәресі ұшу, қатты қорқу); *a storm in a teacup* – елеусіз көңіл бөлуге тұрмайтын нәрсеге жанжал шығару; *to be scared to death* – қатты қорқу.

Екі тілдегі мұндай мінез типін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерге назар аударсақ, ұқсас мінез ерекшеліктерін білдіретін фразеологизмдердің әр ұлтқа тән семантикалық ерекшелігін, ұқсас тұстарын да байқаймыз. Мысалы, қазақ тіліндегі *жүрегі алқымына тығылу/тас кептелу; жүрегі аттай тулау; жүрегі зырқ ету; зәре құты қалмау; зәрезеп болу* деген фразеологизмдерде адамның қорқыныш эмоциясы мен қорқақ мінезін сипаттауда «жүрек» ұғымы қолданылып тұр. Ағылшын тіліндегі *make somebody's heart leap; have one's heart in one's mouth* фразеологизмдерінен де осыны көре аламыз.

Сонымен қатар аталмыш мінез типтерімен қатар мына түрлерін де қарастырсақ болады: *экзальтивті тип, интровертті тип, экстравертті тип*.

Экзальтивті тип – өте құбылмалы көңіл күй, эмоциясы анық көрінетін, сыртқы оқиғаларға алаңдаушылығы жоғары, сөзқұмар, ғашықтыққа бейім. Бұл мінез түрін сипаттайтын қазақ тіліндегі фразеологизмдер: *қолынан бал тамған* – өнерлі; *майлы қасықтай жылпылдау* – қу; *көңілі алып ұшу* – қуану; *көңілі су сепкендей басылу* – мұңаю; *көңілін күпті ету* – уайымдату; *көңіліне ауыр алу* – қайғыру; *көңілі қалу* – өкпелеу; *қуанышы қойнына сыймау* – қуану; *бит қабығынан биялай тоқыған* – шебер. Ал ағылшын тілінде: *fell head over heels in love* – өлердей ғашық болу; *as merry as cricket* – шегірткедей мәз-мейрам; *as miserable as a bandicoot* – егеуқұйрықтай аянышты, *as happy as a king* – корольдай бақытты т.б. фразеологизмдерді ұшыратамыз.

Қазақ тілінде мұнды, қайғылы мінезді сипаттау үшін «көңіл» сөзі жиі қолданылса, мұндай мінезді беруде ағылшын тілінде нақты бір жәндікке, жануарға теңеу жиі кездеседі. Мысалы: *as miserable as a bandicoot* – егеуқұйрықтай аянышты. Ағылшын тілінде егеуқұйрықты қолдануы ұлт танымындағы ерекшелікті көрсетеді. Себебі аталмыш атау қазақ тілінде қолданылмайды. Қазақта көбінесе төрт түлік атаулары қолданылады.

Интровертті тип (шизоид, аутист) – басқалармен қарым-қатынасы аз, тұйық, қажет кезінде ғана қарым-қатынасқа түсетін, өзімен-өзі ғана оқшауланатын, өзі ештеңе демейтін, өзінің мәселесін ашып айтпайтын, дегенмен де жан жарақаты ауруға бейім. Бұл мінез типін сипаттайтын қазақ тіліндегі фразеологизмдерге мыналарды жатқызамыз: *ішінде ит өліп жату* – ішіндегісін айтпау; *шекесі қызу* – бақытты болу; *қой аузынан шөп алмас* – момын.

Ағылшын тілінде: *unassuming* – тұйық, ешкімге көрінгісі келмейтін, мақтағанды ұнатпайтын адам; *cold as a frog* – құрбақадай суық; *shake as a leaf* – жапырақтай қалтырау; *as safe as a church* – шіркеудей сенімді, берік; *as ugly as sin* – күнәдай қорқынышты, үрейлі; *as mild as a lamb* – қойдай жуас деген секілді фразеологизмдерді кездестіреміз.

Қазақ тіліндегі қой аузынан шөп алмас, ағылшын тіліндегі *as mild as a lamb* фразеологизмдерінің мәні момын мінезді сипаттауда қолданылады. Туыс емес екі ұлт танымында да қойдың момындықпен ассоциацияланымы байқалады. Дегенмен қазақ дүнетанымында қой момындықты сипаттаса, ағылшында сонымен қатар қой ақымақтықты да сипаттайды.

Экстравертті тип – өте көпшіл, сөзқұмарлығы бәдіктікке дейін жететін, өзіндік пікірі жоқ, өте тәуелді, барлығына ұқсағысы келетін, ісіне ұқыпты емес, біреуге бағынуды жөн санайды. Достарымен, отбасымен қарым-қатынаста олар басқаларға көшбасшылыққа жол береді. Егер жалғыздыққа мәжбүрлесе немесе бақылаудан шығып кетсе жанжал шығаруы мүмкін. Өте жағымды жақтары жаңа жұмысқа тез бейімделеді, егер мақсат-міндеті анық болса лауазымдық міндеттерін де тамаша атқарады [11, 1 б.].

Қазақ тілінде мынадай фразеологиялық бірліктерді кездестіреміз: *ыстығына күйе, суығына тоңу* – шыдамды; *іш бауырына кіру* – жағымпаздану; *көк мылжың* – көп сөйлеу; *өтірікті шындай, шынды құдай ұрғандай* – өтірікші; *қу таңдай* – бос сөйлеу.

Ағылшын тілінде мынадай фразеологизмдер кездеседі: *full of hot air* – бәдік/мағынасыз көп сөйлейтін адам; *a social butterfly* – көппен сөйлескенді ұнатады; *a social butterfly* – әрқашан көптің ортасында жүретін, тез тіл табысатын адам; *as gay as a lark* – бозторғайдай көңілді.

Қазақ тіліндегі *қу таңдай* немесе ағылшын тіліндегі *full of hot air* фразеологизмдері мағынасыз көп сөйлейтін адам мінезін сипаттайды. Ағылшын тіліндегі бұл мінез сипаты қазақ тіліндегі *ауызы көпірін сөйлеу* фразеологизмімен ұқсас. Мағынасы ұқсас болғанымен екі тілдегі фразеологиялық бірліктердің грамматикалық құрылымы мен қолданылған сөздер арасындағы ерекшеліктерді байқаймыз. Қазақта сөйлеуге байланысты көбінесе *ауыз мүшелерінің атаулары* қолданылса, ағылшында *жағымсыз ыстық ауа ұғымы* қолданылған.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінезді сипаттайтын фразеологиялық бірліктер түрлі мінез типтеріне сай осылайша топтастырылды. Талдау барысында туыс емес екі ұлтқа тән мінез типтері мен олардың вербалдануындағы семантикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтар, ұлттық-мәдени ерекшеліктер анықталды.

Қорытынды

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді мінез акцентуациясы негізінде анықтау

және талдау арқылы туыс емес екі ұлт мінезіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды, фразеологиялық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін таныдық. Екі ұлттың мінез типтерін салғастыра зерттеу аталған тілдердегі фразеологизмдердің лингвистикалық сипатын, мінез-құлық белгілерінің тілдегі көрінісінің ұлт танымымен байланысын айқындауға мүмкіндік берді.

Екі тілдегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологизмдерді салғастыра зерттеу арқылы туыс емес халықтардың мінезін дүниетанымы мен мәдениеті тұрғысынан сипаттайтын тілдік бірліктерде таңбалық, ұлттық-мәдени, семантикалық ұқсастықтар мен ерекшеліктер болатынына көз жеткіздік. Мұны зерттеудің кіріспе бөліміндегі мінез типтерінің тілдегі көрінісінің лингвистикалық сипаттары және нәтижелер мен талқылау бөлімдеріндегі нақты талдаулар нәтижесіне негіздейміз. Сонымен қатар, зерттеу барысында екі тілдегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологизмдердегі ұлттық-мәдени стереотиптер мен танымдық элементтер белсенді көрініс тапты. Сондықтан туыс емес екі тілдегі мінез типтерін білдіретін тілдік бірліктерді салғастырмалы зерттеуде аталмыш ерекшеліктерге баса көңіл бөлу қажет екені байқалды.

Мінез типтерінің ұлттық таным сипатындағы ерекшеліктерін интерпретациялау негізінде психология саласында жіктелген мінез акцентуациясының, яғни бірнеше типтерінің мысалдарын топтастыру жұмыстың теориялық ақпараты мен ғылыми дәйегін арттырса, екі тілдегі мінез типтерін білдіретін фразеологизмдердің семантикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақты мысалдар аясында талдау жұмыстың практикалық маңызын дәлелдеді.

Қорыта келе, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мінез типтерін сипаттайтын фразеологиялық бірліктерді салғастыра зерттеу екі ұлтқа тән мінез типтері мен олардың тілдегі көрінісін, лингвистикалық сипатындағы өзіндік ерекшеліктерін, тіл мен таным байланысын көрнекі түрде анықтаудың ұтымды тәсілі екеніне көз жеткіздік. Туыс емес тілдерге тән мінез типтерінің вербалдануындағы мұндай ерекшеліктерді зерттеу тіл білімінің өзекті мәселесі болғандықтан зерттеу жұмысының нәтижесі жаңа ізденістерге дәйекті дереккөз болады деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТ

- [1] APA Dictionary of Psychology. Character: <https://dictionary.apa.org/character> 10.02.2025
- [2] Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 384 б.
- [3] Kupperman J. Character. – New York: Oxford University Press, 1991. – Р. 7

- [4] Curren R. Why character education? // Impact. – 2017. – №(24). – P. 1–44. <https://doi.org/10.1111/2048-416x.2017.12004.x>
- [5] Ажарбекова Э.Н., Мажитаева Ш. Адами қасиеттердің фразеологизмдер арқылы берілуі // Образование и наука XXI века: материалы XIV Междунар. науч.-теор. конф. (15–22 октября 2018 года). – Т.V. – София: БялГРАД-БГ ОДД, 2018. – 23 с.
- [6] Батаршев А.В. Диагностика пограничных психических расстройств личности и поведения. – Москва: Изд-во Института психотерапии, 2004. – 320 с.
- [7] Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – Москва. Средняя школа, 1986. – 336 с.
- [8] Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. – 1-т. / жауапты ред. Ә.Ә. Өтебаева. – Алматы: Сардар, 2014. – 520 б.
- [9] Смағұлова Г.Н. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. – Алматы: Қазақ Университеті, 2017. – 79 б.
- [10] Dawson J. Under My Skin. – London: Hot Key Books, 2015. – 302 p.
- [11] Акцентуации характера личности. <https://www.grandars.ru/college/psihologiya/akcentuacii-haraktera.html> 10.02.2025

REFERENCES

- [1] APA Dictionary of Psychology. Character. <https://dictionary.apa.org/character> 10.02.2025.
- [2] Psihologia: Ensiklopedialyq sözdık [Encyclopedic dictionary] / Bas red. B.Ö. Jaqyp. – Almaty: Qazaq ensiklopediasy. – 384 b. [in Kaz.]
- [3] Kupperman J. Character. – New York: Oxford University Press, – P. 7.
- [4] Curren R. Why character education? // Impact. – 2017. – №(24). – P. 1–44. <https://doi.org/10.1111/2048-416x.2017.12004.x>
- [5] Ajarbekova E.N., Majitaeva Ş. Adami qasiyetterdñ frazeologizmdar arqyly berilui [The transfer of human qualities through phraseology] / Obrazovanie i nauka XXI veka: materialy XIV Mejdunar. nauch.-teor. konf. (15–22 oktäbrä 2018 goda). – T.V. – Sofia: BälGRAD-BG ODD. – 2018. – 23 b. [in Kaz.]
- [6] Batarshhev A.V. Diagnostika pogranychnykh psikhicheskikh rasstroistv lichnosti i povedeniia [Diagnosis of borderline mental disorders of personality and behavior]. – Moskva: Izd-vo Instituta psikhoterapii, 2004. – 320s. [in Rus.]
- [7] Kunin A.V. Kurs frazeologii sovremennogo angliiskogo iazyka [Modern English Phraseology Course]. – Moskva. Sredniaia shkola, 1986. – 336s. [in Rus.]
- [8] Qaidar Ä. Ğylymdağy ğümyr. Maqalalar, baiandamalar jinağy [Life in science. Collection of articles, reports]. – 1-t. / jauapty red. Ä.Ä Ötebaeva. – Almaty: Sardar, 2014. – 520 b. [in Kaz.]
- [9] Smagulova G.N. Frazeologizmdardin semantikalyq kategoriialary [Semantic categories of phraseologisms]. – Almaty. Qazaq Universiteti, 2017. – 79b. [in Kaz.]

[10] Dawson J. Under My Skin. – London: Hot Key Books, 2015. – 302 p.

[11] Aktsentuatsi haraktera lichnosti [Accentuation of personality character]. <https://www.grandars.ru/college/psihologiya/akcentuacii-haraktera.html> 10.02.2025 [in Rus.]

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ НА КАЗАХСКОМ И АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКАХ ОТНОСИТЕЛЬНО ТИПОВ ХАРАКТЕРА

* Халым Б.¹, Смағұлова Г. Н.², Ахан Г.³

^{*1,2} Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан.

³Казахский национальный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан

Аннотация. Характер – совокупность проявления характерных для субъекта поведенческих признаков и устойчивых психических свойств личности, происходящих в определенных жизненных ситуациях. Поэтому, изучая характер человека, мы получаем возможность выявлять, сравнить, сопоставлять национальный характер и психологию, ценности и позиции конкретного народа. Большое влияние на формирование характера оказывают принципы жизни, социальная среда, традиции и культура личности или нации. В исследовательской работе выявлены типы акцентуаций характера, возникающие в процессе формирования личности человека. Учитывая, что характер представляет собой совокупность психических качеств, но его характер в языке выражается на основе различных языковых единиц, в статье были приняты во внимание фразеологические единицы, характеризующие характер в казахском и английском языках.

Цель исследования – выявить сходства и различия фразеологизмов, характеризующих типы характера в английском и казахском языках, на основе семантического анализа. Научная значимость статьи выявляется определением национально-культурных стереотипов, характерных для двух наций, при определении фразеологических единиц, характеризующих типы характера в казахском и английском языках. Практическая значимость работы заключается в возможности использования результатов исследования, образцов анализа в качестве теоретического и экспериментального материала в исследовательских работах в таких специальных областях языкознания, как когнитивная лингвистика, смежных исследовательских работах по фразеологизму на казахском и английском языках, а также в междисциплинарных исследованиях в области психологии и педагогики, культурологии.

Методика исследования основана на методах контроля, обобщения, семантического, лексического анализа фразеологизмов, характеризующих

типы характера в казахском и английском языках, а также на методах сопоставительной интерпретации взаимосвязей в рамках психологических, педагогических и межкультурных исследований.

Актуальность исследовательской работы заключается в исследовании на основе семантического анализа фразеологизмов, характеризующих типы характера в казахском и английском языках, с сопоставлением сходств и различий, характерных для двух неродственных наций, дифференциации национально-культурных особенностей, характерных для обеих наций.

Ключевые слова: характер, черты характера, фразеологизмы, психология характера, акцентуация, тип характера, казахская национальность, английская национальность

PHRASEOLOGICAL UNITS IN KAZAKH AND ENGLISH LANGUAGES REGARDING TO CHARACTER TYPES

*Khalyim B.¹, Smagulova G. N.², Akhan G.³

^{1,2} al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

³ Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

Abstract. Character is a set of manifestations of behavioral traits characteristic of the subject and stable mental properties of personality, occurring in certain life situations. Therefore, studying the character of a person, we get the opportunity to identify, compare, contrast the national character and psychology, values and positions of a particular people. The principles of life, social environment, traditions and culture of a person or nation have a great influence on the formation of character. The research paper identifies the types of character accentuations that arise in the process of formation of a person's personality. Taking into account that character is a set of mental qualities, but its character in the language is expressed on the basis of different linguistic units, the article took into account phraseological units characterizing character in Kazakh and English languages.

The aim of the study is to identify similarities and differences of phraseological units characterizing character types in English and Kazakh languages on the basis of semantic analysis. The scientific significance of the article is revealed by the definition of national-cultural stereotypes characteristic of the two nations in determining phraseological units characterizing character types in Kazakh and English languages. The practical significance of the work lies in the possibility of using the results of the study, samples of analysis as theoretical and experimental material in research works in such special areas of linguistics as cognitive linguistics, related research works on phraseological units in Kazakh and English languages, as well as in interdisciplinary studies in the field of psychology and pedagogy, cultural studies.

The research methodology is based on the methods of control, generalization, semantic, lexical analysis of phraseological phrases characterizing character types in Kazakh and English languages, as well as on the methods of comparative interpretation of relationships within the framework of psychological, pedagogical and intercultural studies.

The relevance of the research work is to study on the basis of semantic analysis of phraseological phrases characterizing character types in Kazakh and English languages, with a comparison of similarities and differences characteristic of two unrelated nations, differentiation of national-cultural features characteristic of both nations.

Keywords: character, character traits, phraseological expressions, psychology of character, accentuation, type of character, Kazakh nationality, English nationality

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 22.11.2024.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.09.2025.*

Авторлар туралы мәлімет:

Халым Бота – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан, e-mail: bota-@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9380-9041>

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: smagulova.g@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>

Ахан Гүлнар – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы, магистр, Алматы, Қазақстан, e-mail: g.akhan822@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-9854-0999>

Информация об авторах:

Халым Бота – докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: bota-@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9380-9041>

Смагулова Гулдархан Нургазықызы – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: smagulova.g@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>

Ахан Гулнар – магистр, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан, e-mail: g.akhan822@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-9854-0999>

Information about the authors:

Khalym Bota – PhD student. al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bota-@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9380-9041>

Smagulova Guldarkhan Nurgazykyzy – Doctor of Philological Sciences, Professor, al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: smagulova.g@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-4582-2281>

Akhan Gulnar – Master of Philological Sciences, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.akhan822@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0009-9854-0999>